

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1749 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 26 ақпандағы N 273

Акцизделетін тауарларды таңбалаудың тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Акцизделетін тауарларды жаңа үлгідегі акциздік алым маркаларымен міндетті түрде таңбалауды енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1749 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақтың үшінші абзацындағы "1 сәуірінен" деген сөз "1 шілдесінен" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1997 жылдың 1 шілдесінен бастап - 1-қосымшаға сәйкес темекі өнімдерін және 1997 жылдың 1 қазанынан бастап - 2-қосымшаға сәйкес акцизделетін тауарларды";

5 - тармақта :

бірінші абзац "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті" деген сөздерден кейін "мен Мемлекеттік кеден комитеті" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жаңа үлгідегі акциздік алым маркаларын әзірлегені үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасымен есеп айырысу: отандық акцизделетін тауарлар үшін - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің арнаулы шотына акциз маркаларын сатудан түсетін қаражат есебінен; импортталатын акцизделетін тауарлар үшін - импорттаушылардың қаражатының есебінен жүргізілсін";

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"одан әрі бақылауды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетіне нөмірлері мен нақты импорттаушыларды көрсете отырып сатылған акциз маркаларының (оның ішінде 1995-1996 жылдардағы үлгілері) саны туралы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетіне ай сайын мәлімет тапсырып отырсын"

7 - тармақта :

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"импортталатын акцизделетін тауарға: СЭҚ ТН 2204 (2204 30-дан басқасы). 2205, 2206 кодтары бойынша шараптар, шампан шараптары, шарап материалдары - 20 теңге мөлшерінде; СЭҚ ТН 2207, 2208, 2905 кодтары бойынша спирттің барлық түрлері,

күшейтілген ішімдіктер, күшейтілген шырындар мен бальзамдар, арақ, ликер-арақ бұйымдары, коньяктар - 65 теңге мөлшерінде; СЭҚ ТН 2402 кодтары бойынша темекі өнімдері, құрамында темекісі бар өзге де өнімдер - 1,5 теңге";

8 - т а р м а қ т а :

үшінші абзацтағы "1 сәуірдегі" деген сөздер "1 шілдедегі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

төртінші абзацтағы "1 сәуірдегі" деген сөздер "1 қазандағы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

аталған қаулының 1-қосымшасында :

соңғы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Темекі өнімдері (мынадай атауларды қоспағанда: "Қазақстан",

"Медеу", сүзгісіз барлық сигареттер мен "Полет", "Прима", "Астра", "Беломор-Канал" класындағы папиростар)";

сілтемедегі "1 сәуірінен" деген сөздер "1 шілдесінен" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі